

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 177 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 наурызда № 10561 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 743 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.11.2015 № 743 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 2-1-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін күнтізбелік он күн ішінде «
Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде және мерзімдік баспасөз басылымдарында ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Досаев

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі
_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 20 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов
2015 жылғы 4 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің

2012 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 177 бұйрығымен бекітілген

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополия субъектілерінің (бұдан әрі – концессия субъектісі) реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту тәртібін айқындау мақсатында әзірленді.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) инвестицияланған капитал – концессия объектісін құру немесе реконструкциялау үшін концессия субъектісінің меншікті қаражаты мен қарыз капиталының сомасы;

2) концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) – концессия субъектісі табиғи монополия саласында ұсынатын және белгілі бір тауарды тұтынушыға беру түріндегі көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларын қоса алғанда, уәкілетті органның ведомствосы мемлекеттік реттеуге тиіс қызметтер (тауарлар, жұмыстар);

3) қарыз капиталы – концессия объектісін құру немесе реконструкциялау үшін қарыз (кредиттер алу, облигациялар шығару және сату, ақшалай міндеттемелердің басқа да түрлері бойынша қаражат алу) есебінен пайда болған к а п и т а л .

4) құзыретті орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы о р г а н ;

5) меншікті қаражат – концессия объектісін құруға және реконструкциялауға пайдаланылатын концессия субъектісінің ақша қаражаты (акционерлік (жарғылық) капитал, бөлінбеген пайдасы (таза кірісі) немесе амортизациялық а у д а р ы м д а р ы) ;

6) тарифтің шығын бөлігі – тарифті бекіту кезінде ескерілетін концессия субъектісінің қызметтер (жұмыстар) көрсетуіне байланысты шығындар жиынтығы. Осы шығындар реттеліп көрсетілетін қызметтің (тауардың, жұмыстың) өзіндік құнынан және кезең шығыстарынан (жалпы және әкімшілік шығыстар, сату жөніндегі шығыстар, сыйақылар төлеу жөніндегі шығыстар) т ұ р а д ы ;

7) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

8) уәкілетті органның ведомствосы – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н н ы ң в е д о м с т в о с ы ;

Қағидаларда пайдаланылатын өзге де түсініктер мен терминдер Қазақстан Республикасының концессия туралы, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы және бюджет заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Концессия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру тәртібі

3. Концессия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (жұмыстарына, тауарларына) тарифтер реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды өндіруге) ұсынуға қажетті шығындар құнынан төмен болмауға, инвестицияланған капиталды қайтаруды қамтамасыз етуге және концессия субъектісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін ескеруге тиіс.

Бұл ретте концессия шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (жұмыстарына, тауарларына) тарифтер инвестицияланған қаражаттың қайтарылуы ескерілместен

қ а л ы п т а с а д ы .

4. Концессия шарты бойынша концессия субъектілері көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) бірлігіне тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) мынадай кезеңдер бойынша қалыптасады:

1) жылдық ақшалай түсім есебі, ол: осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізілетін шығындардың жылдық сомасын а й қ ы н д а у д ы ;

осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарына сәйкес инвестицияланған капиталдың бастапқы және қалдық сомасының мөлшерін айқындау мен алдағы кезеңге инвестицияланған капиталды қайтарудың жылдық сомасының есебін;

осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес инвестицияланған меншікті қаражаттарға арналған пайданың жылдық сомасының есебін қамтиды;

2) осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес концессия шарты бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жылдық көлемі мен түрлерін алдағы кезеңге айқындау;

3) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) құндық негізін көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша жылдық түсімді негіздеп бөлу жолымен айқындау.

5. Тарифтерді қалыптастыру кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебінің негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

6. Концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифті қалыптастыру кезінде концессия объектісінің мүлдікті кешеніне кіретін әлеуметтік саланың объектілерін қаржыландыруға байланысты тиісті негіздеуші материалдармен расталған шығыстар ескеріледі.

7. Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастыру Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 тіркелген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібіне (бұдан әрі – Ерекше тәртіп) сәйкес жүзеге асырылады.

8. Инвестицияланған капиталдың жалпы мөлшері инвестицияланған

капиталдың меншікті және қарыз сомасы ретінде айқындалады.

Инвестицияланған капиталдың бастапқы сомасының болжамды шекті мөлшері және оны тартудың алдын ала шарттары (қарыз капиталының құрылымы, сыйлықақы мөлшерлемесі және меншікті қаражаттың пайда мөлшерлемесі, мақсатты пайдаланылуы, игеру кестесі, қайтару шарттары) концессия субъектісінің растаушы құжаттарының негізінде (концессия субъектісінің қаржылық есептілігі, концессиялық жобаны қаржыландыру туралы меморандумдар, банк шоттарынан үзінді көшірмелер) айқындалады.

Инвестицияланған капиталды тартқаннан кейін концессия шартына жасалған қарыз шарттарына сәйкес инвестицияланған капиталды (қарыз капиталының құрылымы, сыйлықақы мөлшерлемесі және меншікті қаражаттың пайда мөлшерлемесі, мақсатты пайдаланылуы, игеру кестесі, қайтару шарттары) тарту сомасы мен шарттары көзделетін қосымша келісім жасау арқылы тиісті өзгерістер енгізіледі.

9. Инвестицияланған капиталды мақсатсыз пайдалануға жол берілмейді.

Тариф құрамындағы инвестицияланған капиталды (меншікті және қарыз) қайтару концессия шартында және концессия субъектісінің инвестициялық бағдарламасында көзделген және тиісті құжаттармен расталған нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылған капиталға ғана жүргізіледі.

Концессия объектісін пайдалану кезеңінде концессия субъектісінің меншікті қаражатын қайта инвестициялау сомасы мен мерзімдері концессия шартында және концессия субъектісінің инвестициялық бағдарламасында айқындалады және мақсатты пайдаланғаны тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

Тарифте ескерілетін қарыз капиталын қайтарудың жылдық сомасы қарыз шарттарында белгіленген қарыз капиталын қайтару (өтеу) кестесінің негізінде айқындалады. Қарыз капиталын қайтару сомасын есептеу кезінде инвестициялық бағдарламаға және концессия шартының талаптарына сәйкес қайта инвестициялау (негізгі құралдарды жаңарту және жөндеу) үшін алдағы кезеңде концессия субъектісі пайдаланбаған амортизациялық қордың бос ақша қаражаты ескеріледі.

Тарифте ескерілетін концессия субъектісінің инвестицияланған меншікті қаражатын қайтару концессия объектісін пайдалана бастаған сәттен бастап концессия шарты қолданысының барлық мерзімі бойы жыл сайын тең төлемдермен жүргізіледі. Концессия субъектісінің меншікті қаражатын қайта инвестициялау кезінде меншікті қаражатты қайтару меншікті қаражаттың қайта инвестицияланған сомасы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Уәкілетті органның ведомствосы жыл сайын реттеу кезеңі ішінде пайдалануға енгізілген объектілер туралы нақты деректерді, бекітілген пайдалануға енгізу жоспарын түзетуді және қайтарылмаған инвестицияланған

капиталдың қалдығын ескере отырып, реттеудің кезекті есептік жылына белгіленетін инвестицияланған капиталды қайтару шамасына түзету жүргізеді.

10. Тарифте ескерілетін концессия субъектісінің инвестицияланған және (немесе) қайта инвестицияланған меншікті қаражатына арналған пайданың жылдық сомасы пайда мөлшерлемесінің концессиялық жобаға салынған концессия субъектісінің меншікті қаражатының қалдық сомасына көбейтіндісі р е т і н д е е с е п т е л е д і .

Инвестицияланған меншікті капиталға пайда мөлшерлемесі қарыз қаражатына арналған сыйақы құнынан немесе концессия шартына қол қою сәтіне белгіленген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері ақша қаражатын (депозиттер) тарту мөлшерлемесінен кем емес шама болып табылады.

Концессия субъектісінің инвестицияланған және (немесе) қайта инвестицияланған меншікті қаражаты толық қайтарылғаннан кейін пайданың жылдық сомасы тарифте (бағада, алым мөлшерлемесінде) ескеріледі.

11. Концессиялық заңнамада көзделген концессия субъектілеріне мемлекеттік бюджеттен шығындарды өтеуге және кіріс алуға бөлінетін көздер тарифтің шығын және кіріс бөліктерінде ескерілмеген шығыстарды жабуға және кірістерді қамтамасыз етуге бағытталған төлемдерді қоспағанда, тарифті азайтуда е с к е р і л е д і .

Шығындарды өтеу және кірістер алу көздерінің төлемақы мөлшері мен тәртібі концессия шартында көзделеді және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Тарифтің шығын бөлігінде ескерілмеген шығыстарға бағытталған субсидияларды қоспағанда, концессия субъектілеріне мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидиялар тарифтің шығын бөлігін азайтуда ескеріледі.

13. Концессия субъектісі ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемін айқындау көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша нақты және болжамды деректердің негізінде заттай өлшемде жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

14. Концессия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тариф (баға, алым мөлшерлемесі) осы Қағидаларға 1 -қосымшаға сәйкес есептеледі.

3. Концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер бекіту тәртібі

15. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекітуді мынадай жағдайларда:

1) концессия субъектісінің бастамасы бойынша;

2) уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша жүргізеді.

16. Қайта құрылған концессия субъектісі не реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жаңа түрлерін көрсетуді жоспарлап отырған концессия субъектісі уәкілетті орган ведомствосының оны Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілгені туралы хабарламасын алған күннен бастап он күн мерзімде уәкілетті органның ведомствосына тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) Заңның 18-бабының 5-тармағына сәйкес оңайлатылған тәртіппен бекітуге арналған өтінімді ұсынады.

17. Тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) оңайлатылған тәртіппен бекітуге арналған өтінімге :

1) жасалған концессия шартының көшірмесі;
2) инвестициялық бағдарламаның көшірмесі;
3) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның ж о б а с ы ;

4) концессия шартында көзделген жобалық қуат туралы деректер;
5) инвестицияланған капиталды жыл сайын қайтару есебі;
6) концессия шартында көзделген инвестицияланған меншікті капиталдың кіріс нормаларының есебі ;

7) пайданы бөлу туралы ақпарат және ақша ағындарын бөлу жөніндегі а қ п а р а т ;

8) концессия шартында көзделген, құзыретті орган растаған ұсынылатын қызметтердің жоспарланып отырған көлемдері;

9) таратылып жазылуын қоса бере отырып, кредиторлық және дебиторлық берешектердің болуы немесе болмауы туралы деректер;

10) концессия шартында көзделген сан нормативтерінің есебі;

11) салалық техникалық және технологиялық нормалардың, сондай-ақ нормативтік техникалық ысыраптардың есебі;

12) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдері көрсетілген амортизациялық а у д а р ы м д а р д ы ң е с е б і ;

13) негізгі өндірістік қорларды жұмысқа жарамды күйде ұстау үшін қажетті шығындар сметасының ж о б а с ы ;

14) осы Қағидаларға 3-29-қосымшаларға сәйкес тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның жобасын есептеуге арналған тарифтік с м е т а н ы ң ж о б а с ы ;

15) концессия шартына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарланып отырған көлемі туралы ақпарат;

16) концессия шартына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерден (тауарлардан, жұмыстардан) түсетін таза кірісті (пайданы) пайдалану туралы а қ п а р а т ;

17) өткен кезеңде инвестицияланған капиталды (қарыз және меншікті)
қайтару туралы мәліметтер;

18) қарыз қаражатын қайтару және қарыз қаражаты бойынша сыйақы төлеу
кестесі қоса беріледі.

18. Концессия субъектісі тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін)
қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өтініммен
бірге өзі ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға)
тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларын ұсынады.

19. Концессия субъектілері үшін тарифтерді (бағаларды, алымдар
мөлшерлемелерін) жалпы тәртіппен бекітуге арналған өтінімге:

1) жасалған концессия шартының көшірмесі;

2) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту қажеттігі
туралы түсіндірме жазба;

3) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның
жобасы;

4) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452
тіркелген «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдарынан басқа)
жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы
№ 422 бұйрығына (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010
жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығы) сәйкес бекітілген нысан бойынша
ұйымның бухгалтерлік теңгерімі;

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы №
422 бұйрығына сәйкес бекітілген нысан бойынша пайдалар мен залалдар туралы
есеп;

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы №
422 бұйрығына сәйкес бекітілген нысан бойынша ақша қаражатының қозғалысы
туралы есеп;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы №
422 бұйрығына сәйкес бекітілген нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы
есеп;

8) қаржылық есептілікке түсіндірме жазба;

9) «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан
Республикасының Заңы 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекітілген еңбек
жөніндегі (1-е нысаны) есеп;

10) «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан
Республикасының Заңы 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекітілген
жекелеген лауазымдар мен кәсіптер бойынша қызметкерлер жалақыларының
мөлшері туралы есеп (2-Е кәсіп);

11) «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекітілген 1-ӨҚ нысаны бойынша кәсіпорынның (ұйымның) өндірістік-қаржылық қызметі туралы есеп, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін 2-МП нысаны бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштері;

12) «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекітілген негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтердің болуы және қозғалысы туралы есеп (№ 11 нысаны);

13) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жиынтық деректер;

14) осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нақты шығындарды негіздейтін материалдар қоса берілген тарифтік сметаны орындау туралы есеп;

15) таратып жазылған дебиторлық және кредиторлық берешектер;

16) таратып жазылған өзге және басқа шығыстар;

17) бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба);

18) өткен жылдар ішінде инвестицияланған капиталды (қарызды және меншікті) қайтару туралы мәлімет;

19) уәкілетті органмен келісілген және өтінімді қарау кезеңінде қолданылатын:

әкімшілік персоналдың басшы қызметкерлерінің штат кестесінің және оларға еңбекақы төлеудің шекті деңгейінің;

негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін, ағымдағы және күрделі жөндеулерге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасының;

есепке алу саясатының болуын растайтын мәліметтер;

20) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері;

21) негізгі құралдарды соңғы қайта бағалау нәтижелері туралы мәліметтер;

22) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдері көрсетілген амортизациялық аударымдардың есебі;

23) Ерекше тәртіпке сәйкес тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін нақты жұмсалған шығыстар туралы мәліметтер;

24) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарланған көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар, концессия субъектісінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндетіне және мүмкіндіктеріне, тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) деңгейін ұстап тұру немесе көтеру мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып, тауарларды өндіру көлемдерінің есептері, тұтынушы

сұранысын маркетингтік зерттеу материалдары);

25) концессия субъектісінің жобалық қуаты және оны нақты пайдалану туралы деректер;

26) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес осы Қағидаларға 3–29-қосымшаларда көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы;

27) реттеліп көрсетілетін қызметтерден (тауарлардан, жұмыстардан) түсетін таза кірісті пайдалану туралы ақпарат;

28) амортизациялық аударымдарды пайдалану туралы ақпарат;

29) уәкілетті орган айқындаған және экономикалық тиімділіктің деректері мен есебін қамтитын өтінімді қарау кезеңінде қолданылатын шамаға және мерзімде нормативтен тыс ысыраптар болған кезде оларды жою жөніндегі, сондай-ақ нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспары (электр энергиясын және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату, сумен жабдықтау, мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау, тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбыржолдары және (немесе) газ таратушы жүйелер арқылы тасымалдау, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін концессия субъектілері ұсынады) қоса беріледі.

20. Азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, қоршаған ортаны қорғау мақсатында, сондай-ақ стратегиялық тауарлардың құнын көтерген кезде концессия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына төтенше реттеуші шара ретінде тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту үшін жүгінеді.

21. Концессия субъектілері үшін тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге арналған өтінімге:

1) азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шара ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

2) осы Қағидаларға 30-қосымшада көрсетілген нысан бойынша Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес тарифтік сметаның жобасы қоса беріледі.

Бұл ретте стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда тарифтік сметадағы стратегиялық тауарларды пайдалануды қамтитын шығын бабы ғана түзетіледі;

3) азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шара ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда, сатып алынатын және төтенше реттеуші шара ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекітуге арналған өтінімге конкурстық құжаттама, тауарларды сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері, шарт, шот-фактуралар, шығындар деңгейінің есептері, алдағы кезеңге бекітілген нормативтік техникалық ысыраптардың болуы, стратегиялық тауарлар құнының өзгеруі төтенше реттеуші шара ретінде өтінім беруге себеп болған осы тауар шығысының нормалары туралы ақпарат қоса беріледі.

22. Уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) қайта қаралған жағдайда концессия субъектісі тиісті талапты алған сәттен бастап экономикалық негізделген есептерді және ақпаратты жаңа тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекітуге арналған өтінімді ұсыну кезіндегідей көлемде ұсынады.

23. Өтінімге қоса берілетін есептер мен негіздеуші материалдар уәкілетті органның ведомствосына мынадай талаптар бойынша беріледі:

1) өтінім материалдары тігіледі, нөмірленеді және концессия субъектісі басшысының мөрімен және қолымен расталады. Қаржы құжаттарына концессия субъектісінің басшысы мен бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және концессия субъектісінің мөрімен расталады;

2) негіздеуші материалдар ретінде өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі және өткен күнтізбелік жыл ішіндегі шығындар туралы нақты деректер ұсынылады;

3) концессия субъектісі өтінім қарауға қабылданғаннан кейін уәкілетті орган ведомствосының талабы бойынша өтінім берер алдындағы 4 тоқсан ішіндегі шығындар туралы нақтыланған деректерді уәкілетті органның ведомствосына күнтізбелік он бес күн ішінде ұсынады;

4) тарифтерге (бағаларға, алымдар мөлшерлемелеріне) көлемдердің маусымдық ауытқу әсерін болдырмау мақсатында бір жылға есептелген деректер негізге алынады;

5) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің), оның ішінде сараланған тарифтердің жобаларын есептеу кезінде базаға өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі немесе өткен күнтізбелік жыл ішіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) нақты көлемдері алынады;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері төмендеген кезде төмендетуді негіздеуші және растаушы материалдар ұсынылады;

7) концессия субъектісі жүзеге асыратын қызметтердің әрбір түріне жеке

д а й ы н д а л а д ы .

Осы Қағидалардың 23-тармағының 2) және 5) тармақшаларында көзделген талаптар тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) төтенше реттеуші шара ретінде бекіткен жағдайларға қолданылмайды.

24. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекітуге өтінімді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді және концессия субъектісін өтінімді қарауға қабылдағаны туралы немесе өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартқаны туралы бас тарту себептерін келтіре отырып, жазбаша түрде хабардар е т е д і .

25. Табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге немесе өзгертуге өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуын жазбаша негіздейді.

2 6 . М ы н а л а р :

1) осы Қағидалардың 17 және 19-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұ с ы н б а у ;

2) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 23-тармағының талаптарына с ә й к е с к е л м е у і ;

3) дәйексіз ақпаратты қамтитын құжаттарды ұсыну концессия субъектісінің өтінімін қараудан бас тарту негіздемесі болып табылады.

М ы н а л а р :

1) осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбау;

2) концессия субъектісінде бекітілген нормативтік техникалық ысыраптардың , стратегиялық тауар құнының өзгеруі өтінімді ұсынуға себеп болған осы тауар шығысы нормаларының болмауы концессия субъектісінің тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге арналған өтінімін қараудан бас тарту негіздемесі болып табылады.

27. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты өтінім беруші « коммерциялық құпия» деген белгімен ұсынады және жеке мұқабада жібере алады және ол қолдаухат қаралатын ақпараттар (құжаттар) топтамасына е н г і з і л е д і .

Ақпарат құрамындағы коммерциялық құпия оны уәкілетті органның ведомствосына ұсынудан бас тартуға негіз бола алмайды, бұл ретте мүдделі тұлғалар ақпаратты уәкілетті органның ведомствосына ұсыну кезінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетеді не мүдделі тұлғаның коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер тізбесін бекіту туралы актісінің көшірмесін қоса береді.

28. Уәкілетті органның ведомствосы концессия субъектісі тарифтерінің (бағаларының, алымдар мөлшерлемелерінің) жобасын Қазақстан

Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес экономикалық негізделген есептерді ұсынған жағдайда өтінім берілген сәттен бастап күнтізбелік елу бес күн ішінде, ал өтінімді оңайлатылған тәртіппен қараған жағдайда, күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

Уәкілетті органның ведомствосы төтенше реттеуші шара ретінде шешім қабылдау үшін концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларын күнтізбелік он күн ішінде қарайды.

29. Тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) төтенше реттеуші шара ретінде қайта қаралған жағдайда, оның ішінде стратегиялық тауарлардың құнын арттырған кезде концессия субъектісі өтініммен бірге өзі ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтік смета мен тарифтердің (бағалардың, алым мөлшерлемелерінің) жобаларын ұсынады.

30. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың жобасына:

1) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру тәртібін реттейтін концессия шартының ережелерін ескере отырып, концессия субъектісі өтініммен бірге ұсынған негіздеуші құжаттар мен есептерді талдау, сондай-ақ қызметтің осындай түрімен айналысатын концессия субъектілері көрсеткіштерін салыстырмалы талдау негізінде;

2) бұл үшін тәуелсіз сарапшыларды, мемлекеттік органдарды, тұтынушыларды және олардың қоғамдық бірлестіктерін, жобаны ұсынған концессия субъектісін тарта отырып, сараптама жүргізеді.

31. Уәкілетті органның ведомствосы Заңның 7-бабының 5) тармақшасына сәйкес концессия субъектісінен қосымша ақпарат сұратады.

Концессия субъектісі уәкілетті орган белгілеген мерзімде талап етілген ақпаратты ұсынбаған немесе оларды толық көлемде ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру кезінде мәлімделген шығындарды есепке алмайды.

32. Уәкілетті органның ведомствосы концессия субъектісі ұсынып отырған тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобасын жария тыңдаулар өткізу кезінде талқылауға салады.

33. Уәкілетті орган жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту туралы шешімді оның қолданылу мерзімін көрсете отырып қабылдайды.

34. Тарифтердің қолданылу мерзімі концессия субъектісінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) және концессия шартын іске асыруға көздеген кезеңнен аспайтын мерзімге белгіленеді.

35. Концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту туралы уәкілетті орган ведомствосының шешімі уәкілетті органның ведомствосы басшысының бұйрығымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствосы концессия субъектісіне олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз бес күннен кешіктірмей жолдайды.

Бұл ретте тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) оңайлатылған тәртіппен бекіту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының бұйрығы түрінде ресімделеді және концессия субъектісіне бекітілген тариф (баға, алым мөлшерлемесі) пен тарифтік смета енгізілгенге дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жолданады.

36. Концессия субъектісі тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) енгізу туралы ақпаратты тұтынушылардың концессия субъектісі өзінің қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында осы ақпаратты орналастыру арқылы оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жеткізеді.

Концессия субъектісі тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) оңайлатылған тәртіппен енгізу туралы тұтынушылардың назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей ресми бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізеді.

37. Концессия субъектісі уәкілетті органға күнтізбелік бес күн ішінде тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) енгізу туралы тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпарат ұсынады. Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидаларына 1-қосымша

Тарифті есептеу формуласы

1. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифі (бағасы, алымдар мөлшерлемесі) мына формуламен есептеледі:

$$T_i = \frac{B_i - \Gamma B_i}{V_i}$$

м ұ н д а :

T_i – реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифі (бағасы, алымдар мөлшерлемесі);

B_i – жылдық түсім;

ΓB_i – шығындарды өтеу немесе бюджеттен табыс алу көздері;

V_i – реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі.

2. Жылдық түсім мына формула бойынша есептеледі:

$$B_i = P_i + BK_i + DK_i;$$

м ұ н д а :

i – реттелетін кезеңдегі есеп жылының нөмірі, $i = 1, 2, 3..$

B_i – i жылға жылдық түсім;

P_i – i жылға тарифке қосылатын шығындар;

BK_i – i жылға инвестицияланған капиталды қайтару;

DK_i – инвестицияланған жеке құралдардан i жылға анықталған табыс

3. Инвестицияланған капиталды қайтару мына формуламен есептеледі:

$$BK_i = BKPi + BKBi$$

м ұ н д а :

BK_i – i жылы инвестицияланған капиталды қайтару;

$BKPi$ – инвестицияланған қарыз капиталды қайтару;

$BKBi$ – инвестицияланған меншікті қаражатты қайтару.

$$BKPi = RIK_i - ИИКи$$

RIK_i – i жылға қарыз шартын өтеу кестесіне сәйкес қабылданған инвестицияланған қарыз капиталын жылдық төлеу мөлшері.

$ИИКи$ – уәкілетті орган ведомствосының келісімі бойынша қарызды өтеуге бағытталуы және i жылдың сол кезеңінде тарифтің шығын бөлігінде есептелуі мүмкін амортизациялық аударымдардың сомасы;

$$BKBi = \frac{ПИКи + РИi - НЦКи - \sum BKpi}{CBKi}$$

м ұ н д а :

$ПИКи$ – инвестицияланған меншікті қаражаттың бастапқы сомасы;

$РИi$ – концессия объектісін пайдалану процесінде қайта инвестицияланған меншікті капиталдың сомасы;

$НЦКи$ – нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған меншікті капиталдың сомасы ;

$CBKi$ – концессия шарты қолданылуының қалдық мерзімі, жылдармен;

$BKpi$ – алдыңғы кезеңдердегі қайтарылған меншікті капитал.

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына)

тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін)
 қалыптастыру және бекіту қағидаларына
 2-қосымша
 Нысан
 Субъектінің атауы _____

**Концессия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне
 (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар
 мөлшерлемелерінің) жобасын есептеу үшін жиынтық деректер**

20 ____ жылғы _____ жағдай бойынша реттеліп көрсетілетін
 қызметтер (тауарлар, жұмыстар) түрінің атауы

P/c №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Қолданыстағы тарифтік сметада қабылданды	Алдыңғы аяқталған жылдың нақты көрсеткіштері	Алдыңғы аяқталған 4 тоқсанның нақты көрсеткіштері	Субъект жобалайтын көрсеткіш
1	2	3	4	5	6	7
I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге				
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:					
1)	шикізат және материалдар	-//-				
2)	сатып алынатын бұйымдар	-//-				
3)	ЖЖМ					
4)	отын					
5)	энергия					
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде:	-//-				
1)	өндірістік персоналдың жалақысы					
2)	әлеуметтік салық	-//-				
3	амортизация	-//-				
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде					
	Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу					

5	Өзге шығыстар (таратып жазу)	-//-				
II	Кезең шығыстары барлығы, оның ішінде:	-//-				
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: оның ішінде:	-//-				
	Әкімшілік персоналдың жалақысы	-//-				
	Әлеуметтік салық	-//-				
	Салықтар	-//-				
	Өзге шығыстар (таратып жазу)	-//-				
7	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар	-//-				
III	Қызметтерді көрсетуге арналған барлық шығындар	-//-				
IV	Табыс (АРБ*ПС/(1-(КТС/100))	-//-				
V	Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы (АРБ).	-//-				
VI	Барлық табыстар	-//-				
VII	Көрсетілетін қызметтердің тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	(заттай көрсеткіштерде				
VIII	Нормативтік техникалық ысыраптар	% заттай көрсеткіштерде				
IX	Тариф	көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) бірлігі не теңге				
	Анықтамалық:					
8	Персоналдың тізім бойынша орташа саны,					адам
	оның ішінде:					
	өндірістік					-//-
	әкімшілік					-//-
9	Орташаайлық жалақы, барлығы, оның ішінде					теңге
	Өндірістік персонал					-//-
	Әкімшілік персонал					-//-
10	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі жөндеу					мың теңге
11	Пайданың есебінен жүзеге асырылатын шығындар (таратып жазу)					-//-

12	Шаруашылық тәсілмен орындалатын ағымдағы (жоспарлы-алдын алу) жөндеу, барлығы, оның ішінде	-//-
	Жөндеуге арналған материалдар	-//-
	жалақы	-//-
	әлеуметтік салық	-//-

Ескертпе* шығындар қажет болған жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Қолдары:

Бас бухгалтер Басшы

М.О.

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Субъектінің атауы _____

Мұнайды магистральдық құбыржол жүйесі арқылы қайта айдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік смета

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Концессия субъектісінің жобасы
1	2	3	4
1	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:		
1)	шикізат және материалдар		
2)	сатып алынатын бұйымдар		
3)	ЖЖМ		
4)	отын		
5)	энергия		
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде:		
1)	жалақы		
2)	әлеуметтік салық		
3	Амортизация		
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде:		
1)	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу		

5	Өзге шығындар, барлығы, оның ішінде:		
1)	байланыс қызметтері		
2)	іссапар шығыстары		
3)	кеңсе шығыстары		
4)	әкімшілік ғимараттарды ұстау		
5)	кадрларды даярлау		
6)	қауіпсіздік техникасы		
7)	табиғатты қорғау қорына төлемдер		
8)	сақтандыру		
9)	ведомстводан тыс және өрт күзеті		
10)	заң және консалтингтік көрсетілетін қызметтер		
11)	ҒЗТҚЖ және ҒТҚ бойынша шығыстар		
12)	автокөлікті лицензиялау		
13)	дезинфекция		
14)	басқа шығындар, барлығы оның ішінде:		
15)	авиақызметтер		
16)	жүктерді тасымалдау		
17)	метрология		
18)	іске қосу-реттеу жұмыстары		
19)	диагностикалық жұмыстар		
20)	геологиялық барлауға аударымдар		
21)	табиғи шикізатты пайдалануға арналған төлем		
2	Кезең шығыстары, барлығы		
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы оның ішінде:		
1)	әкімшілік персоналдың жалақысы		
2)	әлеуметтік салық		
3)	банк қызметтері		
4)	амортизация		
5)	коммуналдық қызметтер		
6)	бөгде ұйымдардың қызметтері		
7)	іссапар қызметтері		
8)	өкілдік шығыстар, байланыс, мерзімді басылым		
9)	еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы		
10)	салықтар		
11)	басқа шығыстар (таратып жазу қажет)		
7	Сыйақылар төлеу шығыстары		
3	Барлық шығын		
4	Пайда		
5	Барлық табыстар		
6	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	м ы ң мың теңге	т о н н а

7	Жүк айналымы	км млн. теңге	
8	Нормативтік ысыраптар	% мың тонна	
9	Үлестік тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/1000 км үшін 1 тонна	

Ескертпе* шығындар қажет болғанда жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Қолы _____

(концессия субъектісінің басшысы)

М.О.

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидаларына

4-қосымша

Нысан

Субъектінің атауы _____

Мұнайды темір жол цистерналарына(н) құю / құйып алу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік сметасы

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Концессия субъектісінің жобасы
1	2	3	4
1	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	шикізат және материалдар	-//-	
2)	сатып алынатын бұйымдар	-//-	
3)	ЖЖМ	-//-	
4)	отын		
5)	энергия		
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде:		
1)	жалақы		
2)	әлеуметтік салық		
3	Амортизация		
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде:		
1)	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу		
5	Өзге шығындар (таратып жазу қажет) оның ішінде:		

2	Кезең шығыстары, барлығы		
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде :		
1)	әкімшілік персоналдың жалақысы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3)	амортизация	-//-	
4)	коммуналдық көрсетілетін қызметтер	-//-	
5)	салықтар	-//-	
6)	басқа шығыстар (таратып жазу қажет)	-//-	
7	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар	-//-	
3	Барлық шығын	-//-	
4	Пайда	-//-	
5	Барлық кіріс	-//-	
6	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	т о н н а мың теңге	
7	Нормативтік ысыраптар	% мың тонна	
8	Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/ 1 тонна үшін	

Ескертпе* шығындар қажет болғанда жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Қолы _____

(концессия субъектісінің басшысы)

М.О.

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидаларына

5-қосымша

Нысан

Субъектінің атауы _____

Мұнайды танкерлерге құю жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік смета

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Концессия субъекті жобасы
1	2	3	4
1	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	

1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	шикізат және материалдар	-//-	
2)	сатып алынатын бұйымдар	-//-	
3)	ЖЖМ	-//-	
4)	отын	-//-	
5)	энергия	-//-	
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	жалақы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3	Амортизация	-//-	
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу	-//-	
5	Өзге шығындар (таратып жазу қажет)	-//-	
2	Кезең шығыстары, барлығы	-//-	
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	әкімшілік персоналдың жалақысы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3)	амортизация	-//-	
4)	коммуналдық қызметтер	-//-	
5)	салықтар	-//-	
6)	басқа шығыстар (таратып жазу қажет)	-//-	
7	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар	-//-	
3	Барлық шығын	-//-	
4	Пайда	-//-	
5	Барлық кіріс	-//-	
6	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	тонна	
		мың теңге	
7	Нормативтік ысыраптар	%	
		мың тонна	
8	Тариф (ҚҚС-сыз)	1 тонна үшін	
		теңге	

Ескертпе* шығындар қажет болғанда жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Қолы _____
(концессия субъектісінің басшысы)

М.О.

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына)

тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін)
 қалыптастыру және бекіту қағидаларына
 6-қосымша
 Нысан
 Субъектінің атауы _____

**Мұнайды автоцистерналарға (автоцистерналардан) құю/құйып
 алу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік смета**

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Концессия субъекті жобасы
1	2	3	4
1	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	шикізат және материалдар	-//-	
2)	сатып алынатын бұйымдар	-//-	
3)	ЖЖМ	-//-	
4)	отын	-//-	
5)	энергия	-//-	
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	жалақы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3	Амортизация	-//-	
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу	-//-	
5	Өзге шығындар (таратып жазу қажет)	-//-	
2	Кезең шығыстары, барлығы	-//-	
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	әкімшілік персоналдың жалақысы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3)	амортизация	-//-	
4)	коммуналдық қызметтер	-//-	
5)	салықтар	-//-	
6)	басқа шығыстар (таратып жазу қажет)	-//-	
7	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар	-//-	
3	Барлық шығын	-//-	
4	Пайда	-//-	
5	Барлық кіріс	-//-	
6	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	тонна	
		мың теңге	

7	Нормативтік ысыраптар	%	
		мың тонна	
8	Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге	
		1 тонна үшін	

Ескертпе* шығындар қажет болғанда жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Қолы _____
(концессия субъектісінің басшысы)

М.О.

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидаларына

7-қосымша

Нысан

Субъектінің атауы _____

Мұнайды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік смета

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Концессия субъектісінің жобасы
1	2	3	4
1	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	шикізат және материалдар	-//-	
2)	сатып алынатын бұйымдар	-//-	
3)	ЖЖМ	-//-	
4)	отын	-//-	
5)	энергия	-//-	
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	жалақы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3	Амортизация	-//-	
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу	-//-	

5	Өзге шығындар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	байланыс қызметтері	-//-	
2)	еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	-//-	
3)	авиақызмет көрсету	-//-	
4)	басқа шығындар (таратып жазу қажет)	-//-	
2	Кезең шығыстары, барлығы	-//-	
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	әкімшілік персоналдың жалақысы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3)	амортизация	-//-	
4)	коммуналдық қызметтер	-//-	
5)	салықтар	-//-	
6)	басқа шығыстар (таратып жазу қажет)	-//-	
7	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстары	-//-	
3	Барлық шығын	-//-	
4	Пайда	-//-	
5	Барлық кіріс	-//-	
6	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	т о н н а мың теңге	
7	Нормативтік ысыраптар	% мың тонна	
8	Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге / тонна үшін	1

Ескертпе* шығындар қажет болғанда жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Қолы _____
(концессия субъектісінің басшысы)

М.О.

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидаларына

8-қосымша

Нысан

Субъектінің атауы _____

Мұнайды ауыстырып құю жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік смета

--	--	--	--

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Концессия субъект жобасы
1	2	3	4
1	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	шикізат және материалдар	-//-	
2)	отын	-//-	
3)	энергия	-//-	
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	жалақы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3	Амортизация	-//-	
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу	-//-	
5	Өзге шығындар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	байланыс қызметтері	-//-	
2)	медициналық тексеру	-//-	
3)	еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	-//-	
4)	басқа шығындар (таратып жазу қажет)	-//-	
2	Кезең шығыстары, барлығы	-//-	
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	әкімшілік персоналдың жалақысы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3)	амортизация	-//-	
4)	коммуналдық қызметтер	-//-	
5)	салықтар	-//-	
6)	басқа шығыстар (таратып жазу қажет)	-//-	
7	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар	-//-	
3	Барлық шығын	-//-	
4	Пайда	-//-	
5	Барлық кіріс	-//-	
6	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	мың тонна мың теңге	
7	Нормативтік ысыраптар	% мың тонна	
8	Тариф (ҚҚС-сыз)	1 тонна үшін теңге	

Ескертпе* шығындар қажет болғанда жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Қолы _____

(концессия субъектісінің басшысы)

М.О.

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидаларына

9-қосымша

Нысан

Субъектінің атауы _____

Мұнайды араластыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік смета

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Концессия субъект жобасы
1	2	3	4
1	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	шикізат және материалдар	-//-	
2)	сатып алынатын бұйымдар	-//-	
3)	ЖЖМ	-//-	
4)	отын	-//-	
5)	энергия	-//-	
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	жалақы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3	Амортизация	-//-	
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу	-//-	
5	Өзге шығындар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	байланыс қызметтері	-//-	
2)	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	-//-	
	басқа шығындар (таратып жазу қажет)	-//-	
2	Кезең шығыстары, барлығы	-//-	
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	әкімшілік персоналдың жалақысы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3)	амортизация	-//-	
4)	коммуналдық қызметтер	-//-	

5)	салықтар	-//-	
6)	Басқа шығыстар (таратып жазу қажет)	-//-	
7	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстары	-//-	
3	Барлық шығын	-//-	
4	Пайда	-//-	
5	Барлық кіріс	-//-	
6	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	тонна	
		мың теңге	
7	Нормативтік ысыраптар	%	
		мың тонна	
8	Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге / тонна үшін	1

Ескертпе* шығындар қажет болғанда жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Қолы _____
(концессия субъектісінің басшысы)

М.О.

Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидаларына
10-қосымша

Нысан

Субъектінің атауы _____

Бірыңғай маршруттау бойынша операторлық қызмет жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік смета

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Концессия субъектісінің жобасы
1	2	3	4
1	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	
1	Материалдық шығындар	-//-	
2	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	жалақы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3	Амортизация	-//-	
4	Жөндеу	-//-	

5	Өзге шығындар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	банк қызметтері		
2)	іссапар шығыстары		
3)	басқа шығындар (таратып жазу қажет)		
2	Кезең шығыстары, барлығы	-//-	
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде:	-//-	
1)	әкімшілік персоналдың жалақысы	-//-	
2)	әлеуметтік салық	-//-	
3)	банк қызметтері		
4)	амортизация	-//-	
